**«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі және**
**Ақмола облысы Білім басқармасының «психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» мемлекеттік мекемесі арасындағы өзара ынтымақтастық туралы**

# МЕМОРАНДУМ

**Көкшетау қаласы**
**« 11 » 12 2023 жыл**

Осы өзара ынтымақтастық туралы Меморандум (бұдан әрі-Меморандум): «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі Нұгертаева Айгүл Бексұлтанқызы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы Білім басқармасының (бұдан әрі-ПМПК) меңгерушісі Алхатова Толқын Серікқызы, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, өзара ынтымақтастық қатынастарын дамытуға ұмтыла отырып, қажетті ресурстармен, біліммен және тәжірибемен біз төмендегілер туралы келістік:

## 1-бап. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандумның мақсаты «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі және ПМПК ғалымдарымен бірлескен өзара тиімді әлеуметтік әріптестік пен ақпарат алмасу үшін әріптестік қатынастар орнату және күш-жігерді біріктіру болып табылады. Ақмола облысы бойынша ПМПК мен бірігіп коучингтер, семинарлар, ғылыми зерттеулер мен ізденістер жүргізу.

1.2. Ынтымақтастықтың негізгі міндеттері ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасау, білім беру және оқыту бағдарламаларын жасауды қолдау, «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі педагогикалық шеберлік деңгейін арттыру үшін бірлескен уақытша ғылыми шығармашылық одақтарды, мектептерді, зертханаларды қалыптастыру болып табылады.

## 2-бап. Тараптардың қызметі

2.1. Тараптар құқықтық реттеу шеңберінде келесідей қызметті жүзеге асыра отырып, теңдік және өзара тиімді әріптестік негізінде ынтымақтасатын болады:

- өткізілетін және іске асырылатын ғылыми-эксперименттік әзірлемелер туралы ақпарат алмасу;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік - эксперименттік жұмыстарды бірлесіп жүргізу;

- бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруда күш-жігерді біріктіру үшін «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі мамандарын тарту;

- бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференциялар, лекциялық-практикалық семинарлар, тренингтер ұйымдастыру;

- сарапшылармен алмасу;

## 3-бап. Тараптардың ынтымақтастығын ұйымдастыру

3.1. Тараптар қажеттілігіне қарай осы Меморандумды іске асыруға жауапты тұлғаларды айқындайды.

3.2. Меморандум күшіне енгеннен кейін практикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Тараптар жауапты тұлғалардың тізімдерін олардың байланыс деректемелерімен жазбаша нысанда алмасады.

3.3 нақты жобаларды, бағдарламаларды іске асырудың ұйымдастырушылық мәселелері талқыланатын болады және нақты техникалық тапсырмалар, жүргізілетін жұмыстарға ақы төлеудің талаптары мен шарттары талқыланатын жекелеген екіжақты шарттар мен қосымша келісімдер шеңберінде келісілетін болады.

## 4-бап. Дауларды шешу

4.1. Тараптар меморандум негізінде Достық тәсілмен, келіссөздер жүргізу арқылы Тараптардың бірлескен қызметі процесінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді шешуге барлық шараларды қабылдайды.

4.2. Тараптар Меморандумды орындауға немесе түсіндіруге қатысты туындауы мүмкін мәселелер шеңберінде консультациялар өткізетін болады.

## 5-бап. Басқа ережелер

5.1. Тараптар Тараптардың әрқайсысына тиесілі ақпаратты тек Меморандумның мақсаттары үшін пайдаланады, Тараптардың бірлескен қызметі процесінде белгілі болған екінші Тарапқа тиесілі ақпаратты құпия ақпарат ретінде пайдаланады және оның қауіпсіздігін, қорғалуын және бақылауын қамтамасыз етеді.

5.2. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және өзара келісім және жасалған уағдаластықтар қағидаттарында туындаған проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

5.3. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы меморандум бойынша өз құқықтарын өзге Тарапқа беруге құқылы емес.

5.4. Тараптардың өзара келісуі бойынша меморандумға Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.5. Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтыруларды тараптар келісім бойынша енгізеді және Тараптардың әрқайсысына хабарланады.

## 6-бап. Меморандумның Қолданылуы

6.1. Меморандум ізгі ниеттің дәлелі болып табылады және тараптардың ынтымақтастық туралы ниеттерін білдіреді.

6.2. Меморандум 5.3-тармақта баяндалған міндеттемелерден басқа, алдын ала шарт және/немесе заңды міндеттемелерді растау болып табылмайды. Меморандум.

6.3. Меморандум оған тараптар қол қойған күннен бастап, мерзімсіз мерзімге күшіне енеді.

6.4. Тараптардың әрқайсысы осындай тоқтатудан 10 (он) күн бұрын екінші Тарапқа өзінің ниеті туралы жазбаша нысанда хабарлай отырып, Меморандумның қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтата алады. Меморандумның қолданылуын тоқтату Меморандум қолданылған сәтте тараптар мен отандық өндірістік ұйымдар жасаған шарттар мен келісімдер бойынша Тараптардың міндеттемелерінің күшін жоймайды.

6.5. Осы Шарт орыс тілінде бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды.

**Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі**


Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлім» мемлекеттік мекемесі

020000, Қазақстан Республика,
Ақмола обласы,
Көкшетау қаласы, Құдайбердиева, 57
БИН 9708 4000 1344
ИИК KZ26070102KSN0301000
БИК KZMFKZ2A
КБТ 12
Код ГУ -2610370
e-mail:obrazovaniekokshe@mail.ru
тел. (8-7162) 2 50 18 94


**Басшы _______ А.Б.Нугертаева**

« 11 » желтоқсан 2023 ж.

М.О.

**Ақмола облысы Білім басқармасының «психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» мм**


Ақмола облысы Білім басқармасының «психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» мемлекеттік мекемесі

020000, Қазақстан Республика,
Ақмола обласы,
Көкшетау қаласы, Құдайбердиева, 57
БИН 991140001692
ИИК KKMFKZ2A
БИК KZ26070102KSN0301000
e-mail: pmpk_07@mail.ru
тел. (8-7162) 2 40 19 11,


**Меңгеруші _______ Т.С.Алхатова**

« 11 » желтоқсан 2023 жыл

М.О.